

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында 2025 жылға арналған бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2024 жылғы 8 қазандағы № 21-26 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 қазанда № 7801-15 болып тіркелді

**Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері 2025 жылға салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан  
мәслихатының төрағасы*

*С. Баумаганбетов*